

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

Сакенов Мади Муратович

Екінші категориялық зауыттың электрмен жабдықталуы және сыртқы электрмен жабдықтау схемасының техникалық-экономикалық негіздемесі

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071800 – «Электр энергетикасы» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі м.а.

PhD докторы, ассистент профессор

 Е.А. Сарсенбаев

« 4 » 05 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Екінші категориялық зауыттың электрмен жабдықталуы және сыртқы электрмен жабдықтау схемасының техникалық-экономикалық негіздемесі»

5B071800 – «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша

Орындаған:

Сакенов М.М.

Пікір беруші

АЭЖБУ «Электр машиналары және электр жетегі» кафедрасының


профессоры, т.ғ.д.

 И. И. Сагитов
2019 ж.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд.,

ассоц. профессор

 Хидолда Е.

« 13 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

5B071800 – «Электр энергетикасы»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі м.а.

PhD докторы, ассистент профессор

 Е.А. Сарсенбаев

«28» 01 2019 ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Сакенов Мадир Муратович

Тақырыбы Екінші категориялық зауыттың электрмен жабдықталуы және сыртқы электрмен жабдықтау схемасының техникалық-экономикалық негіздемесі

Университет ректорының 30.10.2018ж. №1210-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «03» мамыр 2019 жылғы

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Зауыт бойынша электрлік қабылдағыштар қорек көзі – ЖЭО қуатты 145 МВт; 6,3 кВ; L=9,0 км, зауыт екі сменамен жұмыс жасайды.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

1 Өндірістің электрлік жүктемелерін есептеу

2 Сыртқы электржабдықтаудың нұсқаларын салыстыру

3 Жабдықты таңдау және қысқа тұйықталу токтарын есептеу

4 Цифрлық косалқы станция

5 Электр қауіпсіздігі бөлімі





Сызба материалдар тізімі Сызбалық материалдар слайдпен көрсетілген


Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атау


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	26-30 наурыз 2019ж.	ЖОҚ
Арнайы бөлім	23-28 сәуір 2019ж.	ЖОҚ
Электр қауіпсіздігі бөлімі	28-03 мамыр 2019ж.	ЖОҚ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлімі	Е. Хидолда техн.ғыл.канд., ассоц.профессор	03.05.19ж	
Арнайы бөлім	Е. Хидолда техн.ғыл.капд., ассоц.профессор	10.05.19ж	
Электр қауіпсіздігі бөлімі	Е. Хидолда техн.ғыл.канд., ассоц.профессор	10.05.19ж	
Норма бақылаушы	Ә.О. Бердібеков, срниор-лектор	14.05.2019	

Ғылыми жетекші  (қолы) Е. Хидолда

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  (қолы) М.М. Сақенов

Күні " 01 " сәуір 2019 ж.

РЕЦЕНЗИЯ

Дипломдық жұмыс
(жұмыс түрінің атауы)

Сакенов Маді Мұратович
(білім алушының Т.А.Ә.)

5B071800 – Электр энергетикасы

Тақырыбы: Екінші категориялық зауыттың электрмен жабдықталуы және сыртқы электрмен жабдықтау схемасының техникалық-экономикалық негіздемесі

Орындалды:

а) графикалық бөлім _____ парақ

б) түсініктеме _____ бет

Дипломдық жұмыс Алматы қаласында орналасқан шақпатас фабрикасын электрмен жабдықтауды жобалауға арналған.

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде зауыттың электрлік жүктемесі есептелініп, қосалқы станциялар мен оларға трансформаторлар таңдалған, зауыттың сыртқы электрмен жабдықталу сұрақтары қарастырылып, қорғаныстық, коммутациялық аппараттар мен өлшеу аспаптары таңдалған.

Арнайы бөлімде цифрлық қосалқы станция және оның бас төмендетуші қосалқы станциямен байланысы көрсетілген.

ЖҰМЫСТЫҢ БАҒАСЫ

Дипломдық жұмыс «өте жақсы» (95 %) бағаға орындалған, ал оның авторы 5B071800 – «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін иеленуге лайық деп санаймын.

Рецензент

АЭЖБУ «Электр машиналары және электржетегі» кафедрасының профессоры, т.ғ.д.

П.И.Сагитов

_____ 2019 ж.



Ғылыми жетекшінің пікірі

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

(жұмыс түрінің атауы)

Сәкен Мәди

(білім алушының Т.А.Ә.)

5B071800 – Электр энергетикасы

(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: Екінші категориялық зауыттың электрмен жабдықталуы және сыртқы электрмен жабдықтау схемасының техникалық-экономикалық негіздемесі

Диплом бітіруші Сәкен М. дипломдық жұмысты графикке сәйкес орындап, жұмысты дайындау кезінде өзін сауатты, өздігінше қажетті материалдар мен әдебиеттерді іздей алатын, ынталы білім алушы ретінде көрсете білді.

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде зауыттың электрлік жүктемесі есептелініп, қосалқы станциялар мен оларға трансформаторлар таңдалған, зауыттың сыртқы электрмен жабдықталу сұрақтары қарастырылып, қорғаныстық, коммутациялық аппараттар мен өлшеу аппараттары таңдалған.

Арнайы бөлімде цифрлық қосалқы станция және оның бас төмендетуші қосалқы станциямен байланысы көрсетілген.

Дипломдық жұмыс «өте жақсы» (95%) бағаға орындалған, ал оның авторы 5B071800 – «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін иеленуге лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд., ассоц. профессор

(қызметі, ғыл. дәрежесі, атағы)

қолы
«» мамыр 2019 ж.

Хидолда Е.

Т.А.Ә.

Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Сәкен Мади Мұратұлы

Название: Екінші категориялық зауыттың электрлік жүктемесін есептеу және сыртқы электрмен жабдықтау схемасын таңдаудың техникалық-экономикалық негіздемесі.doc

Координатор: Еркін Хидолда

Коэффициент подобия 1:12,6

Коэффициент подобия 2:4,5

Тревога:309

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

.....
.....
.....
.....
.....

24.05.19

Дата




Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

допущен к защите

24.05.19



Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Сәкен Мади Мұратұлы

Название: Екінші категориялық зауыттың электрлік жүктемесін есептеу және сыртқы электрмен жабдықтау схемасын таңдаудың техникалық-экономикалық негіздемесі.doc

Координатор: Еркін Хидолда

Коэффициент подобия 1: 12,6

Коэффициент подобия 2: 4,5

Тревога: 309

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:


- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

Допускаю к защите

13.05.19г

Дата



Подпись Научного руководителя

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыста сенімділік бойынша тұтынушылардың екінші санатына жататын Алматы шақпатас зауытының электрмен жабдықтау есебі жүргізілді.

Зауытты сыртқы электрмен жабдықталуын жасау кезінде паспорттық мәндеріне сәйкес ток және кернеу, қуат шамалары бойынша жүктемелердің есептеулері жасалды. Жұмыс бойынша трансформаторлар, БТҚС және цехтер үшін қорғаныстың аппаратуралары таңдалды.

Арнайы бөлігінде сыртқы электрмен жабдықталуын цифрлық қосалқы станция арқылы жүргізу жұмысы көрсетілді.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе произведен расчет электроснабжения Алматинского щебеночного завода, относящийся ко второй категории потребителей по надежности.

В результате проектирования системы электроснабжения завода было выбрано оборудование, которое соответствует новейшим требованиям, так же выполнены расчеты согласно по стандарту расчета внешних электрических нагрузок, трансформаторов, ГПП и выбора защитных аппаратур для цехов.

В специальной части показана связь между внешним электроснабжением и цифровой подстанцией.

ANNOTATION

In the thesis work is calculated power supply of the Almaty gravel plant, belonging to the second category of consumers in terms of reliability.

As a result of designing the power supply system of the plant, the newest equipment was selected, the calculation of the electrical loads, selected power transformers, switching and protective equipment, calculated calculation of reactive power compensation, technical and economic comparison of options, grounding and lightning protection downstream substations.

In special part showed the connection between smart grid system and out electricity supply.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Кәсіпорынның электрлік жүктемелерін есептеу	8
1.1	Диплом жұмысының берілгені	8
1.2	Жүктеме жарықтандыруын есептеу	8
1.3	Зауыт бойынша электрлік жүктемелерді есептеу	9
1.4	Цех трансформаторлар санын таңдау және 0,4 кВ кернеудегі реактивті қуатты компенсациялау	15
1.5	Конденсаторлы батареяны ТП реактивті жүктемесіне пропорционал тарату	17
1.6	Электр жүктемесінің дәл есептелуі	19
1.6.1	ЦТП-дағы қуат шығындарын анықтау	19
1.6.2	Синхронды қозғалтқыштардың есептік қуаттарын анықтау	20
1.7	БТҚС 6 кВ шинасындағы реактивті қуаттың компенсациясын есептеу	21
2	Сыртқы электрмен жабдықтаудың нұсқаларын салыстыру	24
2.1	I нұсқа бойынша электр жабдықтарын таңдау	24
2.2	II нұсқа бойынша электр жабдықтарын таңдау	28
2.3	III нұсқа бойынша электр жабдықтарын таңдау	31
3	Жабдықты таңдау және қысқа тұйықталу токтарын есептеу $U=6,3$ кВ	34
3.1	БТҚС шиналарындағы қысқа тұйықталу токтарын есептеу	34
3.2	Ажыратқыш таңдау	36
3.3	Шығатын желілердің ажыратқыштарын таңдау	39
3.4	ТҚ жүктемелердің ажыратқыштарын таңдау	41
3.5	ТП-да автоматты ажыратқыштарды таңдау	41
3.6	Ток трансформаторларын таңдау	41
3.7	Кернеу трансформаторларын таңдау	47
4	Цифрлі қосалқы станция	49
4.1	Қолданылу аясы, міндеті мен мақсаттары	49
4.2	Артықшылықтары мен мүмкіндігі	50
4.3	Техникалық шығару	50
4.4	ГОР-200 терминалы	51
5	Электр қауіпсіздігі бөлімі	54
5.1	Жерге қосуды есептеу	54
5.2	Найзағайдан қорғау аймағын есептеу	56
	Қорытынды	59
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	60
	А қосымшасы	
	Ә қосымшасы	

КІРІСПЕ

Бұл дипломдық жұмыста шақпатас зауытын электрмен жабдықтауды жобалау жүргізілді.

Өндірістік кәсіпорынның электрмен жабдықтау сұлбасын жобалау келесі кезеңдерден тұрады: кәсіпорын бойынша электр жүктемелерді есептеу, кәсіпорын аумағында БТҚС орналасуының неғұрлым оңтайлы жағдайын анықтау. 6 кВ зауыт ішіндегі желінің қысқа тұйықталу токтарын есептеу және жоғары вольтты жабдықты таңдау. Таңдалған жабдықты термиялық және динамикалық тұрақтылыққа тексеру бұрын есептелген қысқа тұйықталу токтарының негізінде жүзеге асырылады.

Шақпатас зауытын электрмен жабдықтау схемасын зерттеуден басқа, шығару жұмысы төменде келтірілген тағы екі бөлімді қамтиды.

Дипломдық жұмысты жазу кезінде цех трансформаторларын санын таңдау, 0,4 кВ кернеудегі реактивті қуатты компенсациялау жұмыстары жүргізіледі. Конденсаторлы батарея ТП реактивті жүктемесіне пропорционал тарату есебі жасалып, есеп бойынша төмен вольтті конденсатор қондырғылары таңдалады. Электр жүктемесін дәл есептеу кезінде трансформатордағы активті және реактивті қуат шығындарын анықтау жүргізіледі. Екінші бөлімде сыртқы электрмен жабдықтаудың нұсқалары салыстырылады, нәтижесінде активті және ЭБЖ шығындарына сәйкес ең оңтайлы бөлігі таңдалады. Сонымен қатар токтың экономикалық тығыздығы бойынша сымдардың қимасы анықталады.

Арнайы бөлімде цифрлық қосалқы станция, оның артықшылықтары, қолданылу аясы, техникалық шығарылуы бойынша зерттеу жүргізіледі. Таңдалған аппаратура TOP-200 бойынша терминалдың техникалық сипаттамалары келтіріледі. Соңғы, бесінші бөлімі электр қауіпсіздігіне арналады. Онда жерге қосуды есепте мен найзағайдан қорғау аймағын есептеу жүргізілді.

1 Өндірістің электр жүктемелерін есептеу

1.1 Диплом жұмысының берілгені

Қорек көзі қуаты 25 МВА кернеуі 115/35/6,3 трансформатор орнатылған энергожүйенің қосалқы станциясынан жүргізіледі. Трансформаторлар жеке-жеке жұмыс істейді. 115 кВ жағындағы жүйенің қуатына келтірілген реактивті кедергісі 0,4. Қосалқы станциядан зауытқа дейінгі ара қашықтық 10,0 км. Зауыт екі ауысымда жұмыс істейді.

Сонымен қатар, зауыт қуаты 145 МВт кернеуі 115/6,3 болатын ЖЭО-1-ден қорек көзін жүргізуге болады. ЖЭО-1-ден зауытқа дейінгі ара қашықтық 9,0 км.

1-кесте – Зауыт цехтары бойынша жалпы мәлімет

Атауы	Мөлшері ЭП, n	Қуаты, кВт	
		Бір ЭП, P _н	Σ P _н
Бірінші ретті ұсақтау корпусы 0,4кВ	30	1-70	300
Синхронды қозғалтқыш 6кВ	2	350	700
Екінші ретті ұсақтау корпусы 0,4кВ	40	1-70	280
Синхронды қозғалтқыш 6кВ	4	350	1400
Асқын жүктемелік түйін	10	10-30	170
Үшіншілік ұсақтау корпусы	50	1-150	1600
Жуу және сұрыптау корпусы	40	1-30	380
Өнім қоймасы	15	1-25	220
Асқын жүктемелік түйіндер (әр түйін)	4	10-30	60
Құмды байыту корпусы	30	1-30	400
Әкімшілік корпус	20	1-20	120
Ас үй	25	1-40	250
Жөндеу-механикалық базасы	25	1-20	250
Компрессорлі	10	50	500

1.2 Жүктеме жарықтандыруын есептеу

Өндірістік алаңдардың шаршы метріне және сұраныс коэффициенті бойынша жарықтану жүктемесінің меншікті тығыздығы бойынша кәсіпорын жүктемесін анықтағанда жарықтану жүктемесін есептейміз.

$$P_{po} = K_{co} \cdot P_{yo}, \quad \text{кВт} \quad (1)$$

$$Q_{po} = tg\varphi \cdot P_{po}, \text{ кВар}$$

мұндағы, K_{co} -жарықтандыру жүктемесінің белсенді қуаты бойынша сұраныс коэффициенті; $tg\varphi$ - реактивті қуат коэффициенті белгілі $\cos\varphi$ жарық беру қондырғысы бойынша анықталады; P_{yo} - цех бойынша жарық қабылдағыштардың белгіленген қуаты еденнің 1 м^2 бетіндегі және белгілі өндірістік алаңдағы меншікті жарықтандыру жүктемесі бойынша анықталады:

$$P_{yo} = \rho_0 \cdot F, \text{ кВт} \quad (2)$$

мұндағы, F - өндірістік үй-жай еденінің ауданы, м^2

ρ_0 - 1 м^2 -ге кВт меншікті есептік қуат, ρ_0 шамасы үй-жайдыңодына байланысты.

Есептеу қалған жарықтану жүктемесін зауыт 2-кестеге енгіземіз

1.3 Зауыт бойынша электрлік жүктемелерді есептеу

Зауыт цехтары бойынша кернеуі 1кВ-қа дейінгі электр жүктемелерді есептеу жеңілдетілген әдіс – реттелген диаграммалар – бойынша жүргізіледі. Цехтар бойынша күштік және жарықтану жүктемелерді есептеудің нәтижелері 2.3-кестеге “Кернеуі 0,4 кВ зауыт цехтары бойынша күштік жүктемелерді есептеу”-ге еңгізілген.

Зауыттың ГПП және цех ТП орналасу орынын анықтау мақсатымен жобалау кезінде электр жүктемелер картограммасын құрады.

Картограмма – зауыттың жалпы планында орналасқан шеңберлер. Шеңберлердің аймағы таңдалған масштабта цехтардың есептелген жүктемелеріне сәйкес келеді.

Төменгі вольті жүктеме үшін картограмма цехтің жарықтандыру үлесін көрсету керек. Оны цехтің сәйкес келетін шеңбердің секторы түрінде көрсетуге болады.

Электрлік жүктеменің картограммасын есептеу үшін шеңбер радиусы жазылады

$$R = \sqrt{\frac{P_p}{m \cdot \pi}}, \text{ мм} \quad (3)$$

$$\alpha = \frac{P_{po}}{P_p} \cdot 360^\circ$$

мұндағы R есептік жүктемеге сәйкес шеңбер радиусы, мм;

α – тиісті жарықтандыру жүктемесінің сектор бұрышы;

m – шеңбер ауданын анықтауға арналған масштаб, тең $0,05 \text{ кВт/мм}$

Цех үшін табамыз

n – электр қабылдағыштардың саны;

P_{Hi} – қабылдағыштардың номиналды қуаты;

ΣP_H – жиынтық номиналды қуаты;

$$P_{Hi} = P_{H1} \cdot \cos\varphi \quad (4)$$

$$P_{Hi} = P_{H1} \cdot \cos\varphi \cdot \sqrt{ПВ} \quad (5)$$

$$m = \frac{P_{H \text{ макс}}}{P_{H \text{ мин}}} \quad (6)$$

$$P_{см} = K_{и} \cdot P_H \quad (7)$$

$$Q_{см} = P_{см} \cdot \operatorname{tg}\varphi$$

$$n_{э} = \frac{2 \Sigma P_H}{P_{H \text{ max}}} \quad (8)$$

$$K_M = f(n_{э}; k_{и}) \quad (9)$$

$$P_p = K_M \cdot P_{см} \quad (10)$$

$$Q_p = Q_{см} \text{ если } n_{э} > 10, Q_p = 1,1Q_{см} \text{ если } n_{э} \leq 10$$

$$S_p = \sqrt{P_p^2 + Q_p^2} \quad (11)$$

2-кесте - Жарық жүктемесін есептеу

Өндіріс орындарының Атаулары	Орындардың өлшемі . F м ²	Удельная осветительная нагрузка ρ ₀ кВт/м ²	Сұраныс коэффициент K _c	Жарықтың тұрақ. қуаты кВт	Жарықтандыру жүктемесінің есебі		cosφ	tgφ
					P _{po} , кВт	Q _{po} , квар		
Бірінші ретті ұсақтау корпусы 0,4кВ Синхронды қозғалтқыш 6кВ	1200	0,016	0,75	19,2	14,4	10,8	0,8	0,75
Екінші ретті ұсақтау корпусы 0,4кВ Синхронды қозғалтқыш 6кВ	900	0,02	0,8	18	14,4	14,68	0,7	1,02
Асқын жүктемелік түйін	300	0,02	0,85	6	5,1	2,44	0,9	0,48
Үшіншілік ұсақтау корпусы	1600	0,015	0,75	24	18	18,36	0,7	1,02
Жуу және сұрыптау корпусы	4500	0,018	0,95	81	76,95	57,7	0,8	0,75
Өнім қоймасы	5600	0,016	0,95	89,6	85,12	98,7	0,65	1,16
Асқын жүктемелік түйіндер(әр түйін)	100	0,02	0,8	2	1,6	1,1	0,85	0,69
Құмды байыту корпусы	420	0,018	0,75	7,56	5,67	4,25	0,8	0,75
Әкімшілік корпус	2050	0,015	0,95	30,75	29,2	21,9	0,8	0,75
Ас үй	750	0,018	0,8	13,5	10,8	7,45	0,85	0,69
Жөндеу-механикалық базасы	1625	0,018	0,85	29,25	24,86	29,3	0,7	1,02
Компрессорлі	875	0,02	0,85	17,5	15,7	16,03	0,7	1,02
Территория	271800	0,014	0,5	3805,2	1902,6	1312,7	0,7	0,69

3-кесте – Күштік жүктемелі кернеуді есептеу 0,4 кВ

Цех атаулары және ЭҚ топтары	ЭҚ саны n	Номиналды қуаты		m	Ки	cosφ	tgφ	Орташа жүктеме		nэ	Км	Есептік қуаты			R мм	α град
		Pmin-Pmax кВт	∑Pн кВт					Pсм кВт	Qсм квар			Pp кВт	Qp квар	Sp кВА		
Бірінші ретті ұсақтау корпусы 0,4кВ																
күштік	30	1-70	300	>3	0,5	0,8	0,75	150	112.5	8.5	1.12	168	184.8	249.7		
жарықтандыру												14,4	10,8	18		
Жинағы												182,4	195,6	267,4	36,4	43,7
Екінші ретті ұсақтау корпусы 0,4кВ																
күштік	40	1-70	280	>3	0,5	0,7	1,02	140	142.8	8	1.08	151.2	157.08	218.1		
жарықтандыру												14,4	14,68	20,5		
Жинағы												165,6	171,1	238,5	41,2	25,8
Асқын жүктемелік түйін																
күштік	10	10-30	170	>3	0,4	0,9	0,48	68	32.64	11.3	1.1	74.8	32.64	81.6		
жарықтандыру												5,1	2,44	5,65		
Жинағы												79,9	35,08	87,26	28,8	19,5
Үшіншілік ұсақтау корпусы																
күштік	50	1-150	1600	>3	0,3	0,	1,02	480	489.6	21.3	1.05	504	489.6	702.6		
жарықтандыру												18	18,36	25,7		
Жинағы												522	507,9	728,3	76,9	41,8
Жуу және сұрыптау корпусы																
күштік	40	1-30	380	>3	0,5	0,8	0,75	190	142.5	25.3	1.09	207.1	142.5	251.3		
жарықтандыру												76,95	57,7	96,18		
Жинағы												284,1	200,2	347,5	54,5	77,2

3-кесте жалғасы

Өнім қоймасы																	
күштік	15	1-25	220	>3	0,25	0,65	1,16	55	63.8	17.6	1.12	61.6	63.8	88.68			
жарықтандыру												85,12	98,7	130,3			
Жинағы												146,7	162,5	218,9	32,8	17,5	
Асқын жүктемелік түйіндер(әр түйін)																	
күштік	4	10-30	60	>3	0,5	0,85	0,69	30	20.7	4	1.21	36.3	22.77	42.8			
жарықтандыру												1,6	1,1	1,94			
Жинағы												37,9	23,87	44,7	10,7	21,1	
Құмды байыту корпусы																	
күштік	30	1-30	400	>3	0,3	0,8	0,75	120	90	26.6	1.08	129.6	90	157.7			
жарықтандыру												5,67	4,25	7,08			
Жинағы												135,2	94,25	164,8	43,6	31,8	
Әкімшілік корпус																	
күштік	20	1-20	120	>3	0,3	0,8	0,75	36	27	12	1.15	41.4	27	49.4			
жарықтандыру												29,2	21,9	36,5			
Жинағы												70,6	48,9	85,8	21,6	19,2	
Ас үй																	
күштік	25	1-40	250	>3	0,5	0,85	0,69	125	86.25	12.5	1.12	140	86.25	164.4			
жарықтандыру												10,8	7,45	13,12			
Жинағы												150,8	93,7	177,5	27,8	15,3	
Жөндеу-механикалық базасы																	
күштік	25	1-20	250	>3	0,2	0,7	1,02	50	51	25	1.08	54	51	74.2			
жарықтандыру												24,86	29,3	38,42			

3-кесте жалғасы

Жинағы												78,8	80,3	112,5	26,4	42,8
Компрессорлі																
күштік	10	150	500	>3	0,3	0,7	1,02	150	153	6.67	1.11	166.5	168.3	236.7		
жарықтандыру												15,7	16,03	22,43		
Жинағы												182,1	184,3	259,1	48,5	45,6
Территорияны жарықтандыру												1902	1312,7	1285		
Шина бойынша жинағы 0,4 кВ												3765	3111,3	4884		

1.4 Цех трансформаторлар санын таңдау және 0,4 кВ кернеудегі реактивті қуатты компенсациялау

Цех трансформаторларының саны мен қуатын технико-экономикалық есептеулер жолымен ғана мүмкін, келесі факторларды ескеріп: тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігінің категориясы; 1кВ-қа дейінгі реактивті жүктемені компенсациялауын; қалыпты (нормалы) және авариялы режимдерде трансформатордың аса жүктемелу қабілетін; стандартты қуаттар қадамы; жүктеме графигі бойынша трансформаторлардың тиімді жұмыс режимдерін.

Есептеулер үшін берілулер:

$$P_{p0,4} = 3765 \text{ кВт};$$

$$Q_{p0,4} = 3111,3 \text{ кВАр};$$

$$S_{p0,4} = 4884 \text{ кВА}.$$

Шақпатас зауыты II категориялы тұтынушыларға жатады, зауыт үш сменамен жұмыс істейді; сондықтан трансформатордың жүктелу коэффициенті $K_{зтр} = 0,8$. Трансформатор қуатын $S_{нтр} = 630$ кВА тең қабылдаймыз.

Ең көп есептік активті жүктемені қамдау үшін қажетті қуаттары бірдей цех трансформаторлардың минималды саны:

$$N_{т\text{ min}} = \frac{P_{p0,4}}{K_3 \times S_{нтр}} + \Delta N = \frac{3765}{0,8 \times 630} = 7,47 + 0,2 = 8 \quad (12)$$

мұндағы, $P_{p0,4}$ – соммалы есептік активті қуат;

K_3 – трансформатордың жүктелу коэффициенті;

$S_{нтр}$ – трансформатордың қабылданған номинал қуаты;

ΔN – ең жақын бүтін санға дейінгі қосымша.

Экономика жағынан тиімді саны: $N_{т.э} = N_{\text{min}} + m$,

мұнда m – қосымша трансформаторлардың саны.


$N_{т.э}$ – 3*п/ст капиталды шығындардың тұрақты құраушыларын ескеріп, реактивті қуатты беруге кететін меншікті шығындармен анықталады.

$3*п/ст = 0,5$; $k_3 = 0,8$; $N_{\text{min}} = 8$; $\Delta N = 0,2$.

Ю.Г. Барыбина анықтамасынан $m = 0$, сонда $N_{т.э} = 8$ трансформатор.

Трансформаторлардың таңдалған саны бойынша кернеуі 1 кВ-қа дейінгі желіге трансформаторлар арқылы берілетін ең көп реактивті қуатты анықтайды:

$$Q_1 = \sqrt{(N_{тэ} \times S_{нтр} \times K_3)^2 - P_{p0,4}^2} = \sqrt{(8 \times 630 \times 0,8)^2 - 3765^2} = 1442 \text{ квар}. \quad (13)$$



1-сурет - Реактивті қуат балансын құру үшін есептеу сұлбасы.

0,4 кВ шиналарында реактивті қуаттар балансы шартынан $Q_{нбк1}$ шамасын анықтаймыз:

$$Q_{нбк1} + Q_1 = Q_{р0,4} \quad (14)$$

Осыдан

$$Q_{нбк1} = Q_{р0,4} - Q_1 = 3111,3 - 1442 = 1669,3 \text{ кВАр.}$$

Трансформаторлардың бұл тобы үшін төменгі кернеу конденсаторлар батареясының (НБК) қосымша $Q_{нбк2}$ қуаты келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_{нбк2} = Q_{р0,4} - Q_{нбк1} - \gamma \cdot N_{ТЭ} \cdot S_{НТ} = 3111,3 - 1669,3 - 0,5 \cdot 8 \cdot 630 = -1078 \text{ кВАр} \quad (15)$$

Есептеу бойынша $Q_{нбк2} < 0$, алынады $Q_{нбк2} = 0$,

$$Q_{нбк} = Q_{нбк1} + Q_{нбк2}, \quad Q_{нбк2} = 0, \text{ то } Q_{нбк} = 1669,3 \text{ кВАр.}$$

Әр трансформаторға келісетін бір конденсаторлар батареясының қуатын анықтаймыз:

$$Q_{нбк\text{ тп}} = \frac{Q_{нбк}}{N_{ТЭ}} = \frac{1669,3}{8} = 208,6 \text{ кВАр}$$

ТҚС бойынша төмен вольтты жүктемені бөлу көрсетілген цех жүктемелерін ТҚС бойынша бөлу. ҚТ кестесінде-трансформаторлардың жүктелу коэффициенті, тең:

$$k_3 = \frac{S_{р0,4}}{N \cdot S_{НТр}} \quad (16)$$

Есептеулер нәтижесі бойынша 4-кесте “ТП бойынша цехтер жүктемелерін тарату” құрылады.

4-кесте - ТП бойынша цехтың төмені вольті жүктемелерін есептеу

№ ТП S _{HT} , Q _{нбк} тп	№ цех	P _{p 0,4} , кВт	Q _{p 0,4} , кВАр	S _{p0,4} , кВА	Кз
ТП1 (2x630) ΣS _H =2x630=1260кВА Q _{нбк} =2x208,6=417,2кВАр Жинағы	1	182,4	195,6		
	2	165,6	171,1		
	3	79,9	35,08		
	4	522	507,9		
	7	37,9	23,87		
		907,9	933,4		
			-417,2		
	907,9	516,28	1044	0,82	
ТП2-3 (4x630) ΣS _H =4x630=2520кВА Q _{нбк} =4x208,6=834,4 кВАр Жинағы	9	70,6	48,9		
	Терр.	1902	1312,7		
		1972,6	1385,4		
			-834,4		
		1972,6	551,07		
ТП4 (2x630) ΣS _H =2x630=1260кВА Q _{нбк} =2x208,6=417,2кВАр Жинағы	5	284,1	200,2		
	6	146,7	162,5		
	8	135,2	94,25		
	10	150,8	93,7		
	11	78,8	80,3		
	12	182,1	184,3		
		957,7	805,5		
			-417,2		
	957,7	378,1	1029	0,81	

1.5 Конденсаторлы батареяны ТП реактивті жүктемесіне пропорционал тарату

Бастапқы берілулер:

$$Q_{p 0,4}=3111,3 \text{ кВАр};$$

$$Q_{нбк}=1669,3 \text{ кВАр}.$$

ТП 1:

$$Q_{p ТП1}=933,4 \text{ кВАр}, Q_{p нбк}= x,$$

сонда

$$Q_{p\text{нбк}} = \frac{Q_{\text{нбк}} \cdot Q_{p\text{ТП1}}}{Q_{p0,4}} = \frac{1669,3 \cdot 933,4}{3111,3} = 500,7 \text{ кВАр}$$

Төмен вольтті конденсатор қондырғыларын таңдаймыз: УК-0,38-300 УЗ, нақты реактивті қуат: $Q_{\phi\text{ТП1}}=2 \times 300=600$ кВАр, ал қарымталанған қуат:

$$Q_{\text{неск}} = Q_{p\text{ТП1}} - Q_{\phi\text{ТП1}} = 933,4 - 600 = 333,4 \text{ кВАр.}$$

ТП 2-3:

$Q_{p\text{ТП2-3}} = 1385,4$ кВАр, $Q_{p\text{нбк}} = x$,
Сонда

$$Q_{p\text{нбк}} = \frac{Q_{\text{нбк}} \cdot Q_{p\text{ТП2-3}}}{Q_{p0,4}} = \frac{1669,3 \cdot 1385,4}{3111,3} = 743,3 \text{ кВАр}$$

Төмен вольтті конденсатор қондырғыларын таңдаймыз: УК-0,38-200 УЗ, нақты реактивті қуат: $Q_{\phi\text{ТП2-3}}=4 \times 200=800$ кВАр, ал қарымталмаған қуат:

$$Q_{\text{неск}} = Q_{p\text{ТП2-3}} - Q_{\phi\text{ТП2-3}} = 1385,4 - 800 = 585,4 \text{ кВАр.}$$

ТП 4:

$Q_{p\text{ТП4}}=805,5$ кВАр, $Q_{p\text{нбк}} = x$,
сонда

$$Q_{p\text{нбк}} = \frac{Q_{\text{нбк}} \cdot Q_{p\text{ТП4}}}{Q_{p0,4}} = \frac{1669,3 \cdot 805,5}{3111,3} = 432,1 \text{ кВАр}$$

Төмен вольтті конденсатор қондырғыларын таңдаймыз: УК-0,38-300 УЗ, нақты реактивті қуат: $Q_{\phi\text{ТП4}}=2 \times 300=600$ кВАр, ал қарымталанған қуат:

$$Q_{\text{неск}} = Q_{p\text{ТП4}} - Q_{\phi\text{ТП4}} = 805,5 - 600 = 205,5 \text{ кВАр.}$$

ТҚС бойынша Q НБК –ны таратудың есептік және бастапқы берілулері 5-кестеге еңгізілген.

5-кесте - ТП бойынша ҚНБК қуаттарын анықтау

№ ТП	Qртп	Qр нбк тп	Qфакт нбк тп	Qнеск.
ТП1	933,4	500,7	2x300=600	333,4
ТП2-3	1385,4	743,3	4x200=800	585,4
ТП4	805,5	432,1	2x300= 600	205,5
Жинағы	3124,3	1676,1	2000	1124,3

1.6 Электр жүктемесінің дәл есептелуі

1.6.1 ЦТП-дағы қуат шығындарын анықтау

Трансформатордағы активті қуаттың шығындары мына формула бойынша анықталады:

$$\Delta P_T = \Delta P_{xx} + \Delta P_{кз} \cdot k_3^2 \quad (17)$$

Трансформатордағы реактивті қуаттың шығындары мына формула бойынша анықталады

$$\Delta Q_T = \Delta Q_{xx} + \Delta Q_{кз} \cdot k_3^2 = \frac{I_{xx}}{100} \cdot S_{HT} + \frac{U_{кз}}{100} \cdot S_{HT} \cdot k_3^2 \quad (18)$$

Трансформаторды таңдаймыз ТМН-630-6/0,4

$U_B=6$ кВ, $U_H=0,4$ кВ, $\Delta P_{xx}=1,31$ кВт, $\Delta P_{кз}=8,5$ кВт, $I_{xx}=2$ %, $U_{кз}=5,5$ %

ТП1:

$K_3=0.82$,

$N=2$,

$$\Delta P_T = (1,31 + 8,5 \cdot 0,82^2) \cdot 2 = 14,1 \text{ кВт}$$

$$\Delta Q_T = 0,01(2 + 5,5 \cdot 0,8^2) \cdot 2 \cdot 630 = 69,5 \text{ кВАр}$$

ТП2-3:

$K_3=0.81$,

$N=4$,

$$\Delta P_T = (1,31 + 8,5 \cdot 0,81^2) \cdot 4 = 28,1 \text{ кВт}$$

$$\Delta Q_T = 0,01(2 + 5,5 \cdot 0,8^2) \cdot 4 \cdot 630 = 139,1 \text{ кВАр}$$

ТП4:
K_з=0.81,
N=2,

$$\Delta P_T = (1,31 + 8,5 \cdot 0,82^2) \cdot 2 = 14,1 \text{ кВт}$$

$$\Delta Q_T = 0,01(2 + 5,5 \cdot 0,8^2) \cdot 2 \cdot 630 = 69,5 \text{ кВАр}$$

Барлық трансформаторлардағы соммалы шығындар:

$$\Sigma P_{1-4} = 14,1 + 28,1 + 14,1 = 56,3 \text{ кВт},$$

$$\Sigma Q_{1-4} = 69,5 + 139,1 + 69,5 = 278,1 \text{ кВАр}.$$

1.6.2 Синхронды қозғалтқыштардың есептік қуаттарын анықтау

ВН жағында реактивтік қуаттын компенсациялау үшін I цехтың СҚ1 пайдаланамыз.

$P_{н\text{СҚ}} = 350 \text{ кВт}$; $\cos \varphi = 0,8$; $N_{\text{СҚ}} = 2$; $k_3 = \beta = 0,7$.

СҚ үшін есептік қуатын анықтаймыз:

$$P_{p\text{СҚ}} = P_{н\text{СҚ}} \times N_{\text{СҚ}} \times k_3 = 350 \times 2 \times 0,7 = 490 \text{ кВт}.$$

$$Q_{p\text{СҚ}} = P_{p\text{СҚ}} \times \tan \varphi = 490 \times 0,75 = 367,5 \text{ кВАр}.$$

$$S_{p\text{СҚ}} = P_{p\text{СҚ}} / \cos \varphi = 490 / 0,8 = 612,5 \text{ кВАр}.$$

Бір қозғалтқыш үшін:

$$S_{p\text{СҚ}} = S_{p\text{СҚ}} / N = 612,5 / 2 = 306,25 \text{ кВАр}.$$

ВН жағында реактивтік қуаттын компенсациялау үшін II цехтың СҚ2 пайдаланамыз.

$P_{н\text{СҚ}} = 350 \text{ кВт}$; $\cos \varphi = 0,7$; $N_{\text{СҚ}} = 4$; $k_3 = \beta = 0,7$.

СҚ үшін есептік қуатын анықтаймыз:

$$P_{p\text{СҚ}} = P_{н\text{СҚ}} \times N_{\text{СҚ}} \times k_3 = 350 \times 4 \times 0,7 = 980 \text{ кВт}.$$

$$Q_{p\text{СҚ}} = P_{p\text{СҚ}} \times \tan \varphi = 980 \times 1,02 = 999,6 \text{ кВАр}.$$


$$S_{p\text{СҚ}} = P_{p\text{СҚ}} / \cos \varphi = 980 / 0,7 = 1400 \text{ кВАр}.$$

Бір қозғалтқыш үшін:

$$S_{p\text{СҚ}} = S_{p\text{СҚ}} / N = 1400 / 4 = 350 \text{ кВАр.}$$

1.7 БТҚС 6 кВ шинасындағы реактивті қуаттың компенсациясын есептеу

Орын басу сұлбасын құрамыз:



2-сурет – Орын басу сұлбасы

Резервті қуат:

$$Q_{\text{рез}} = 0.1 \times \Sigma Q_{\text{расч}} = 0.1 \times (Q_{p0,4} + \Delta Q_T) = 0.1 \times (3111,3 + 278,1) = 338,9 \text{ кВАр.}$$

Энергожүйеден берілетін қуаты:

$$Q_3 = 0.25 \times \Sigma P_p = 0.25 \times (P_{p0,4} + \Delta P_T + P_{\text{СҚ}}) = 0.25 \times (3765 + 56,3 + 1470) = 1322,8 \text{ кВАр.}$$

Реактивті қуаттар балансы шарты бойынша ВБК қуатын анықтаймыз:

$$Q_{\text{ВБК}} = Q_{p0,4} + \Delta Q_T + Q_{\text{рез}} - Q_3 - Q_{\text{СҚ}} - Q_{\text{НБК}},$$

$$Q_{\text{ВБК}} = 3111,3 + 278,1 + 338,9 - 1322,8 - 1367,1 - 2100 = -1061,6 \text{ кВАр.}$$

ВБК таңдамаймыз, өйткені: $Q_{\text{ВБК}} = -1061,6 \text{ кВАр.}$

Зауыт бойынша электр жүктемелерінің нақтыланған есебі 6 - кестеде келтірілген.

6- кесте- Зауыттың эл.жүктемесін дәл есептеу

№ ТП	№ цех	ЭҚ саны n	Түр. қуаты		Ки	Орташа жүктеме		Nэ	Км	Есептік қуаты			Кз
			Pmin- Pmax	Общая ΣPн, кВт		Pсм кВт	Qсм кВАр			Pp, кВт	Qp, кВАр	Sp, кВА	
ТП1 2x630 күштік жарықтандыру Қнбк Жинағы	1	30	1-70	300		150	112,5						
	2	40	1-70	280		140	142,8						
	3	10	10-30	170		68	32.64						
	4	50	1-150	1600		480	489.6						
	7	4	10-30	60		30	20,7						
		134	1-150	2410	0,5	868	798,2	16,5	1	868	798,2		
										53,5	47,38		
										-417,2			
									921,5	428,38	1016	0,8	
ТП2-3 4x630 күштік жарықтандыру Территорияны жарық. Қнбк Жинағы	9	20	1-20	120		36	27						
		20	1-20	120	0,4	36	27	30,6	1,1	39,6	27		
										29,2	21,9		
										1902,6	1312,7		
											-834,4		
									1902,6	527,2	1974	0.79	
ТП4 2x630 күштік жарықтандыру Қнбк Жинағы	5	40	1-30	380		190	142.5						
	6	15	1-25	220		55	63.8						
	8	30	1-30	400		120	90						
	10	25	1-40	250		125	86.25						
	11	25	1-20	250		50	51						
	12	10	150	500		150	153						
		145	1-150	2000	0,5	690	586,55	131,67	1	690	586,55		
										219,1	213,4		
										-417,2			
									909,1	382,8	986,7	0,79	

6-кесте жалғасы

0.4кВ шинадағы жинағы						3733,2	1338,4		
Трансформатордағы шығындар						56,3	278,1		
0,4 кВ жинағы келтіруі						3789,5	1616,5		
Синхронды қозғалтқыш	1	2	350	700		490	-367,5		
Синхронды қозғалтқыш	2	4	350	1400		890	-999,6		
Зауыттың қорытындысы бойынша						5169,5	249,4	5968,7	

2 Сыртқы электржабдықтаудың нұсқаларын салыстыру


Қорек көзі қуаты 25 МВА кернеуі 115/35/6,3 трансформатор орнатылған энергожүйенің қосалқы станциясынан жүргізіледі. Трансформаторлар жеке-жеке жұмыс істейді. 115 кВ жағындағы жүйенің қуатына келтірілген реактивті кедергісі 0,4. Қосалқы станциядан зауытқа дейінгі ара қашықтық 10,0 км. Зауыт екі ауысымда жұмыс істейді.

Сонымен қатар, зауыт қуаты 145 МВт кернеуі 115/6,3 болатын ЖЭО-1-ден қорек көзін жүргізуге болады. ЖЭО-1-ден зауытқа дейінгі ара қашықтық 9,0 км.

Зауыттың электр жабдықталуын технико-экономикалық салыстыру үшін 3 нұсқа қарастырамыз:

- I вариант – ЖЭО-ның жоғарылатушы трансформаторынан 115/6,3 кВ;
- II вариант – Қосалқы станцияның трансформаторынан 35/6,3 кВ;
- III вариант – ЖЭО-дан ЭБЖ арқылы, 6,3 кВ.

2.1 Бірінші нұсқа бойынша электр жабдықтарын таңдау



3-Сурет – Электр жабдықтаудың бірінші нұсқасы

БТҚС трансформаторларын таңдаймыз:

$$S = \sqrt{P_p^2 + Q_3^2} = \sqrt{5169,5^2 + 1322^2} = 5362,7 \text{ кВА}$$

Қуаты 6300 кВА 2 трансформатор таңдаймыз.
Жүктелу коэффициенті:

$$k_3 = \frac{S_p}{2 \cdot S_H} = \frac{5362,7}{2 \cdot 6300} = 0,43$$

7-кесте -Трансформатордың паспорттық деректері

Вариант	Типі	S _{ном} , МВ· А	Орам кернеуі., кВ			Шығын, кВт		U _к , %	I _{хх} , %
			ВН	СН	НН	P _{хх}	P _{қт}		
1	ТМ- 6300/110	6,3	115	-	6,3	10	44	10,5	1,0

Трансформаторлардағы қуат шығындары
активті:

$$\Delta P_{\text{ТБТҚС}} = 2 \cdot (\Delta P_{\text{хх}} + \Delta P_{\text{кз}} \cdot k_3^2) = 2 \cdot (10 + 44 \cdot 0,47^2) = 39,43 \text{ кВт}$$

реактивті:

$$\Delta Q_{\text{ТБТҚС}} = 0,02 \cdot (I_{\text{хх}} + U_{\text{кз}} \cdot k_3^2) \cdot S_H = 0,02 \cdot (1,0 + 10,5 \cdot 0,47^2) \cdot 6300 = 418,25 \text{ кВАр}$$

Трансформаторлардағы энергия шығыны:

Екі ауысымды жұмыс кезінде T_{вкл}=3500с. T_{макс}=4500с.
сонда максималды шығын уақыты

$$\tau = (0,124 + T_M \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = (0,124 + 4500 \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = 2886 \text{ с.}$$

Трансформатордағы активті қуат шығындары:

$$\Delta W = 2 \cdot (\Delta P_{\text{хх}} \cdot T_{\text{вкл}} + \Delta P_{\text{кз}} \cdot \tau \cdot k_{\text{кз}}^2) = 2 \cdot (10 \cdot 3500 + 44 \cdot 2886 \cdot 0,47^2) = 126101,5 \text{ кВтс.}$$

ЭБЖ –115 кВ.

ЭБЖ бойынша өтетін толық қуат:

$$S_{\text{ЭБЖ}} = \sqrt{(P_p + \Delta P_{\text{ТБТҚС}})^2 + Q_3^2} = \sqrt{(5169,5 + 39,43)^2 + 1322,8^2} = 5374,2 \text{ кВА}$$

Бір желі бойынша өтетін есептік ток:

$$I_p = \frac{S_{\text{ЭБЖ}}}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot U_H} = \frac{5374,2}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot 115} = 13,7 \text{ A}$$

Апаттық режим тогы:

$$I_a = 2 \cdot I_p = 2 \cdot 13,7 = 27,4 \text{ A}$$

Токтың экономикалық тығыздығы бойынша сымдардың қимасын анықтаймыз:

$$F = \frac{I_p}{j} = \frac{13,7}{1} = 13,7 \text{ мм}^2$$

мұндағы $j=1 \text{ A/мм}^2$ токтың экономикалық тығыздығы. $T_m=4500$ ч және алюминий сымдардағы

Сым таңдаймыз АС –70/11 с $I_{\text{доп}}=265 \text{ A}$.

Таңдалған сымдарды рұқсат етілген ток бойынша тексереміз

Ток есептеу бойынша: $I_{\text{доп}}=265 > I_p=13,7 \text{ A}$,

Апаттық режим кезінде:

$$I_{\text{доп ав}}=1,3 \times I_{\text{доп}}=1,3 \times 265=344,5 \text{ A} > I_{\text{ав}}=27,4 \text{ A}.$$

ЭБЖ электр энергиялық шығындар:


$$\Delta W_{\text{ЭБЖ}} = 2 \cdot 3 \cdot I_p^2 \cdot R \cdot 10^{-3} \cdot \tau = 2 \cdot 3 \cdot 13,7^2 \cdot 3,87 \cdot 10^{-3} \cdot 2886 = 12577,6 \text{ кВтс}$$

мұндағы, $R=r_0 \times L=0,43 \times 9=3,87 \text{ Ом}$,

$r_0=0.43 \text{ Ом/км}$ - болат алюминий сымының қимасымен салыстырмалы кедергісі 70 мм^2 , $l=9 \text{ км}$ - линия ұзындығы.

$U=115 \text{ кВ}$ кезінде ажыратқыш таңдау.

Аппараттарды таңдау алдында алмастыру сұлбасын құрастырамыз (4-сурет) және қысқа тұйықталу тогын есептейміз:



4-Сурет – Алмастыру сұлбасы

$S_6=1000$ МВА; $U_6=115$ кВ.

$$x_c = \frac{S_6}{S_{кз}} = \frac{1000}{800} = 1,25 \text{ о. е}$$

$$I_6 = \frac{S_6}{\sqrt{3} \cdot U_H} = \frac{1000}{\sqrt{3} \cdot 115} = 5,03 \text{ кА}$$

$$x_{л} = x_0 \cdot L \cdot \frac{S_6}{U_{cp}^2} = 0,4 \cdot 9 \cdot \frac{1000}{115^2} = 0,27 \text{ о. е}$$

$$I_{к1} = \frac{I_6}{x_c + x_{л}} = \frac{5,03}{1,25 + 0,27} = 3,3 \text{ кА}$$

$$i_y = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{к1} = \sqrt{2} \cdot 1,8 \cdot 3,3 = 8,32 \text{ кА}$$

В1 және В2 ажыратқыштарын таңдаймыз:

Ажыратқыш МКП-110М-630-20


$I_{ном}=630\text{А} > I_{ав}=27,4 \text{ А};$

$I_{откл}=20\text{кА} > I_{к1}=3,3 \text{ кА};$

$I_{пред}=524\text{кА} > i_y=8,32 \text{ кА};$

$I_{терм}=20\text{кА} > I_{к1}=3,3 \text{ кА},$

2.2 Екінші нұсқа бойынша электр жабдықтарын таңдау



5-сурет – Екінші нұсқа бойынша электр жабдықтау

БТҚС трансформаторларын таңдаймыз:

$$S = \sqrt{P_p^2 + Q_3^2} = \sqrt{5169,5^2 + 1322^2} = 5362,7 \text{ кВА}$$

Қуаты 6300 кВА 2 трансформатор таңдаймыз:

Жүктелу коэффициенті:

$$k_3 = \frac{S_p}{2 \cdot S_H} = \frac{5362,7}{2 \cdot 6300} = 0,43$$

Трансформатордың паспорттық берілгендері:

ТМН – 6300/37/6,3;

$S_H=6300$ кВА, $U_{BH}=37$ кВ, $U_{HH}=6.3$ кВ, $\Delta P_{XX}=8$ кВт, $\Delta P_{K3}=46,5$ кВт,

$U_{K3}=7,5\%$, $I_{XX}=0.8\%$.

Трансформатордағы қуат шығындары:

активті:

$$\Delta P_{\text{ТБТҚС}} = 2 \cdot (\Delta P_{\text{xx}} + \Delta P_{\text{кз}} \cdot k_3^2) = 2 \cdot (8 + 46,5 \cdot 0,47^2) = 36,5 \text{ кВт}$$

реактивті:

$$\begin{aligned} \Delta Q_{\text{ТБТҚС}} &= 0,02 \cdot (I_{\text{xx}} + U_{\text{кз}} \cdot k_3^2) \cdot S_{\text{H}} = 0,02 \cdot (0,8 + 7,5 \cdot 0,47^2) \cdot 6300 \\ &= 309,5 \text{ кВАр} \end{aligned}$$

Трансформаторлардағы энергия шығыны:

Екі ауысымды жұмыс кезінде $T_{\text{вкл}}=3500\text{с}$. $T_{\text{макс}}=4500\text{с}$.

сонда максималды шығын уақыты:

$$\tau = (0,124 + T_{\text{M}} \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = (0,124 + 4500 \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = 2886 \text{ с.}$$

Трансформатордағы активті қуат шығындары:

$$\begin{aligned} \Delta W &= 2 \cdot (\Delta P_{\text{xx}} \cdot T_{\text{вкл}} + \Delta P_{\text{кз}} \cdot \tau \cdot k_{\text{кз}}^2) = 2 \cdot (8 \cdot 3500 + 46,5 \cdot 2886 \cdot 0,47^2) \\ &= 145289,1 \text{ кВтс.} \end{aligned}$$

2 ЭБЖ –37 кВ.

ЭБЖ бойынша өтетін толық қуат:

$$S_{\text{ЭБЖ}} = \sqrt{(P_{\text{p}} + \Delta P_{\text{ТБТҚС}})^2 + Q_{\text{Э}}^2} = \sqrt{(5169,5 + 39,43)^2 + 1322,8^2} = 5374,2 \text{ кВА}$$

Бір желі бойынша өтетін есептік ток:

$$I_{\text{p}} = \frac{S_{\text{ЭБЖ}}}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot U_{\text{H}}} = \frac{5374,2}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot 37} = 41,9 \text{ А}$$

Апаттық режим тогы:

$$I_{\text{a}} = 2 \cdot I_{\text{p}} = 2 \cdot 41,9 = 83,8 \text{ А}$$

Токтың экономикалық тығыздығы бойынша сымдардың қимасын анықтаймыз:

$$F = \frac{I_{\text{p}}}{j} = \frac{41,9}{1} = 41,9 \text{ мм}^2$$

мұндағы $j=1 \text{ А/мм}^2$ токтың экономикалық тығыздығы $T_{\text{M}}=4500\text{с}$ алюминий сымында.

Сым таңдаймыз АС –70/11, $I_{\text{доп}}=265\text{А}$.

Таңдалған сымдарды рұқсат етілген ток бойынша тексереміз

Ток есебі бойынша:

$$I_{\text{доп}} = 265 \text{ А} > I_p = 41,9 \text{ А.}$$

Апаттық жағдай кезінде:

$$I_{\text{доп ав}} = 1,3 \cdot I_{\text{доп}} = 1,3 \cdot 265 = 344,5 \text{ А} > I_{\text{ав}} = 83,8 \text{ А.}$$

ЭБЖ-дағы энергия шығыны:


$$\begin{aligned} \Delta W_{\text{ЭБЖ}} &= 2 \cdot 3 \cdot I_p^2 \cdot R \cdot 10^{-3} \cdot \tau = 2 \cdot 3 \cdot 218,8^2 \cdot 1,29 \cdot 10^{-3} \cdot 2886 \\ &= 1069379,6 \text{ кВтс} \end{aligned}$$

мұнда $R = r_0 \cdot L = 0,43 \cdot 10 = 4,3 \text{ Ом}$,

мұндағы $r_0 = 0,43 \text{ Ом/км}$ - болат алюминий сымның қимасымен салыстырмалы кедергісі 70 мм^2 , $l = 10 \text{ км}$ - линия ұзындығы.

$U = 37 \text{ кВ}$ кезінде ажыратқыш таңдау.

Аппараттарды таңдау алдында алмастыру сұлбасын құрастырамыз (6-сурет) және қысқа тұйықталу тогын есептейміз:



6-сурет – Алмастыру сұлбасы

$S_6 = 1000 \text{ МВА}$; $U_6 = 37 \text{ кВ}$.

$$x_c = \frac{S_6}{S_{\text{кз}}} = \frac{1000}{800} = 1,25 \text{ о.е}$$

$$I_6 = \frac{S_6}{\sqrt{3} \cdot U_H} = \frac{1000}{\sqrt{3} \cdot 37} = 15,62 \text{ кА}$$

$$x_{\text{л}} = x_0 \cdot L \cdot \frac{S_6}{U_{\text{ср}}^2} = 0,4 \cdot 10 \cdot \frac{1000}{37^2} = 2,9 \text{ о.е}$$

$$I_{\text{к1}} = \frac{I_6}{x_c + x_{\text{л}}} = \frac{15,62}{1,25 + 2,9} = 3,76 \text{ кА}$$

$$i_y = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{k1} = \sqrt{2} \cdot 1.8 \cdot 3,76 = 9,47 \text{ кА}$$

Ажыратқыш таңдаймыз: В1 и В2

Ажыратқыш МКП-35-1000-25У1


$I_{ном} = 1000 \text{ А} > I_{ав} = 83,8 \text{ А};$

$I_{откл} = 25 \text{ кА} > I_{к1} = 3,76 \text{ кА};$

$I_{пред} = 64 \text{ кА} > i_y = 9,47 \text{ кА};$

$I_{терм} = 25 \text{ кА} > I_{к1} = 3,76 \text{ кА};$

2.3 Үшінші нұсқа бойынша электр жабдықтарын таңдау



